

6B01407 Құқық негіздері, экономика және кәсіпкерлік

Білім беру бағдарламасының мақсаты: құқық, экономика және кәсіпкерлік негіздері саласында кәсіби құзыреттілікке ие, пәндік-педагогикалық және жеке кәсіпкерлік қызметке қабілетті мұғалімдерді даярлау.

Миссиясы: Үздік әлемдік тәжірибелер негізінде көшбасшы қыздарды даярлау арқылы адами капиталдың қалыптасуына үлес қосу.

Бағдары: Инновациялық ғылыми-білім беру орталығы болу.

Стратегиялық мақсаты: Инновациялық идеяларды жүзеге асырушы интеллектуалды көшбасшыларды даярлау

Құндылықтар: Адалдық,
Кәсібилік,
Әлеуметтік жауапкершілік,
Академиялық еркіндік,
Жаһандық азаматтылық,
Ашықтық.

1.3 Білім беру бағдарламасының бейіні

Негіздеме:

БББ өзектілігі. Құқық негіздері, экономика және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасын әзірлеу жалпы білім беретін мектептеріндегі жаңартылған білім берудің мазмұнына сәйкес "Құқық негіздері" - 9-11 сыныптарда, сонымен "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәні -10-11 сыныптарда енгізілген. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнің оқыту алғышарттары экономикадан басталады, сол себептен экономика пәнін қосуды ұйғардық. Алайда, пәндердің аз еңбек сыйымдылығын ескере отырып, құқық, экономика және кәсіпкерлік пәндерінің өзара байланысы болғандықтан, осы пәндерден сабақ бере алатын мұғалімдерді дайындау өзекті болып табылады.

Нарықтың қажеттілігі. 2018 жылғы "Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің статистикасы" жинағының статистикалық мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасындағы күндізгі мемлекеттік жалпы білім беру мектептерінің тарих, мемлекет негіздері және құқық мұғалімдерінің сапалық және сандық құрамы 16707 мұғалімді құрайды, оның ішінде 55-59 жасынан 1398 адам, 59 жастан асқан 528 адам, зейнеткерлік жасынан 333 адам., бұл 5-6 жылдан кейін "Құқық негіздері" пәні бойынша мұғалімдерге деген қажеттілік 12% - ды құрайды, "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәнін қоспағанда. Болашақта "Құқық пен кәсіпкерлік негіздері" пәні мұғалімдеріне деген қажеттілік өседі.

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының БББ-мен сәйкестігі. Шетелдік жоғары оқу орындарын зерделеу кезінде шетелдік жоғары оқу орындары мектептерге құқық және экономика мұғалімдерін даярламайтынын көрсетті, алайда білім беру бағдарламаларын салыстыру талдауы жүргізілді.

ҚазҰҚызПУ білім беру бағдарламасын салыстыру:

1) Кембридж университеті "Құқық" және "Экономика" білім беру бағдарламырымен. Кембридж университетінде бакалавриат студенттерін оқыту мерзімі 3 жыл. Сондай-ақ Кембридж университетінің ресми сайтында www.admin.cam.ac.uk/univ/camdata/archive.html университеттің әрбір білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы көрсетілген және пәндер кредиттерінің саны жоқ. Сәйкестік шамамен 65%.

2) Стратклайд университетінің (Шотландия) "Экономика және құқық" білім беру бағдарламасы бойынша 10 пәннің БП және ПД циклдерінің сәйкестігі анықталды, бұл шамамен 50% құрайды.

Білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді:

1) «Педагог» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген

БББ бойынша оқыту нәтижелері:

ОН 1 - Жаһандық мәселелерге бей-жай қарай алмайтын, еріктілік және инновациялық қызметке дайын, құқықтық және іскерлік мәселелер тұрғысынан білімді, ұлттық рухта тәрбиеленген және икемді дағдыларды (Soft skills) меңгерген көшбасшы-қыз.

ОН 2 – Білім алушылардың жас кезеңдері ерекшеліктерін ескере отырып, жаңартылған жүйедегі педагогикалық процессті жүзеге асыра алатын негізгі білім мен дағдыларды, сонымен қатар сандық білім беру технологиясын қолдану дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Пәндік салада зерттеу нәтижелері мен академиялық жазбаны, оның ішінде шетел тілінде, таныстыра алатын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын дағдыларды меңгерген.

ОН 4 - Құқық тарихы, теориясы мен нормаларын біледі, құқықтық ұғымдар мен категорияларды біледі, сондай-ақ құқық түрлерінің қазіргі заманғы көздерін бағдарлайды және жіктейді, олардың өзара байланысын айқындайды.

ОН 5 - Әр түрлі құқық түрлері тұрғысынан құқықтық қатынастарды талдайды және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету тетігін қолданады, жас тобына және құқықтық бұзушылықтардың түрлеріне сәйкес құқықтық қатынастардың әртүрлі бағыттарын бағалайды.

ОН 6 - Экономиканың даму эволюциясын талдайды, экономикалық категориялармен жұмыс істейді және білімнің байланысты салаларымен байланыс орнатады

ОН 7 - Есеп жүргізу, қаржы жүргізу, салық салуды жүзеге асыру, ұлттық және халықаралық деңгейде экономиканы реттеу құралдары мен әдістерін қолдану дағдыларын меңгерген.

ОН 8 - Кәсіпкерліктің даму кезеңдері туралы білімді меңгерген, экономикалық категориялармен жұмыс істейді және білімнің байланысты салаларымен өзара байланысты орнатады.

ОН 9 - Кәсіпкерлік идеялар банкі қалыптастыруды, бизнес жоспар құруды, кәсіпкерлік құрылымды құруды және оның қызметін ұйымдастыруды біледі.

ОН 10 - Сыни бағалау әдістерін, оқытудың инновациялық әдістерін, командада жұмыс істей білуді қолданады.

ОН 11 - Цифрлық технологиялар мен сыни ойлауды қолдана отырып, құқықтық және экономикалық пәндерді оқыту тәжірибесі.

1.4 Түлектің портреті

ҚазҰҚПУ түлектерінің атрибуттары:

ТА1 – Терең кәсіби білім мен түсінікке ие;

ТА2 – Эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие ;

ТА3 – Жаһандық мәселелерге бейімделген;

ТА4 – Көшбасшылық қасиеттерге ие;

ТА5 – Кәсіпкерлік дағдыларға ие, мәселелерді анықтап, шеше алады;

ТА6 – Инновациялық ойлауды іске асыра алады.

БББ бойынша оқу нәтижелерінің түлек атрибуттарымен арақатынасының матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11
ТА1				+	+	+	+	+	+	+	+
ТА2	+	+	+		+	+					
ТА3			+	+			+				
ТА4	+									+	+
ТА5				+				+	+		
ТА6										+	+

Кәсіби қызмет түрлері: 6В01407 Құқық негіздері, экономика және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврлары келесі кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- білім беру (педагогикалық) - жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік оқу орындарында сабақ жүргізу; нақты жағдайда, оның ішінде online режимінде әдістемелік білім мен қолданбалы іскерлікті іске асыру;

- оқу-тәрбие - оқу-тәрбие жұмысын заңға, заңдылықтарға, принциптерге, педагогикалық процестің тәрбиелік тетіктеріне сәйкес жүзеге асыру;

- оқу-технологиялық - пайдалану оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологиялар;

- әлеуметтік-педагогикалық - білім алушыларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету;

- ғылыми-зерттеу - құқық және экономика негіздерін оқытудағы озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және қорыту;

- ұйымдастыру-басқару - құқық және экономика негіздері курсының мазмұнын білім берудің әртүрлі деңгейлерінде жоспарлау;

- ақпараттық-коммуникациялық - оқу-тәрбие үрдісінде және сабақтан тыс жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Жұмысқа орналасу мүмкіндігі: 6B01407 Құқық негіздері, экономика және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврын бітіруші түлектер жұмыс істей алады:

- құқықтық пәндер негіздері мұғалімі;
- экономикалық пәндер негіздері мұғалімі;
- кәсіпкерлік және бизнес негіздері мұғалімі;
- орта кәсіптік оқу орындарында оқытушы;
- кәметке толмағандар істері жөніндегі инспекторы;
- әкімшілік білім беру органдарының маманы;
- білім беру жүйесіндегі менеджер;
- әлеуметтік педагог арнайы білім беру ұйымдарында;
- бизнес-тренер;
- жеке кәсіпкер.